



18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЖЕКЕ ҚАРЖЫ

Инвестициялау стратегиясы





## Сұрақтар

- Инвестициялық стратегияның маңыздылығы
- Инвестициялық стратегияны құрастыру ережелері
- Қаржылық тәуелсіздік стратегиясының негізі

Жеке қаржы әр адамның өмірінің ажырамас құрамдас бөлігі. Бұл дүкенде нан сатып алудан бастап, ұзақ мерзімді инвестициялық жобалармен жалғасатын күн сайын кездесетін нәрсе. Қаржы ресурстарының болуы немесе жетіспеушілігі біздің өміріміздің сапасын анықтайды. Жеке қаржы жүйесінің тұрақтылығы біздің ертеңгі күнге деген сенімділігімізге әсер етеді. Интуитивті түрде біз мұның барлығын түсінеміз. Бірақ таңқаларлық нәрсе - адамдардың көпшілігі өзінің әл-ауқатының басты механизмін, яғни қаржыларды тиімді үлестіруді мүлдем басқармайды.

Жеке қаржыны табысты басқару принциптері ежелгі дәуірден белгілі болғанына қарамастан, адамдардың негізгі бөлігі оларды елемейді. Негізгі себептер - қарапайым қаржылық сауаттылықтың көпшілігінде болмауы және қарапайым қаржылық тәртіпті сақтауға ниеттенбеуі. Өкінішке орай, классикалық білім беру жүйесі екеуін де үйретпейді. Тіпті институтты бітіргеннен кейін адамдардың басым көпшілігі жеке қаржыны тиімді басқара алмайды. Нәтижесінде, біз адамдардың өз өмірінің сапасына қанағаттанбаушылығын, көңілдері толмауын, өзін-өзі дамытып іске асырмауын және жүзеге асырылмаған армандарын болуын жиі байқаймыз...

Барлық адам ауқатты немесе қаржылық тәуелсіз болуды армандайды. Барлығының теңіз жағасында коктейль ішіп жатқысы келеді. Ешкім ақшаны қайдан алуға болады деп ойланғысы келмейді. Мұнда негізгі сөз “армандайды”. Ал өз арманына қол жеткізу үшін нақты іс-әрекеттер іс жүзінде ешкім жасамайды. Байлықтың өзі аспаннан құлайтын сияқты. Тіпті егер байлық аспаннан құласа да, тәжірибе көрсеткендей, қаржыны басқара алмайтын адам әдетте бірнеше жылдан кейін тағы бастапқы ақшасыз болған жағдайына оралады екен. Сонымен іс неде? Мүмкін, байлықты жинақтау мен көбейтудің құпиясы бар шығар?

Иә, бар! Шын мәнінде, бір емес, бірнеше! Оның көмегімен адамдар қаржылық тәуелсіз, ал бай адамдар одан да бай болады. Ол үшін жеке қаржыны басқарудың нақты стратегиясы қажет.

Қаржылық стратегия - бұл жеке қаржыны басқару жүйесі, ол ең аз шығындармен және қысқа уақыт ішінде қаржылық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жеке инвесторге қандай да бір жағдайда не істеу керектігін — қайда және қанша салу, қайдан және қанша алып тастау керектігін көрсететін ережелер жиынтығын білдіреді.

Өмірдің көптеген салаларында бір ғана шешім барлық мәселені шешіп тастамайды. Бұл бір арқанмен байланған жүгірушілер тобы сияқты. Егер осы жүгірушілердің ішінді бір чемпион болса, бірақ қалғандар чемпион сияқты жүгіруге ынталанбаса, онда ол қалғандары сияқты баяу жүгіре бастайды. Топтың қолдауынсыз чемпион топты жетелеуден тез шаршайды, топ жеңіліске ұшырайды. Қаржыларды басқару да сондай, бір әдіспен немесе бір құралмен барлық қаржылық мәселе шешілмейді. Түрлі шаралар мен әдістердің жиынтығынан тұратын, бір мақсатқа жетуге бағытталған стратегия қажет.



Қаржы стратегиясы-көптеген элементтерден тұратын күрделі жүйе. Есеп, жоспарлау, портфельді басқару, шығындарды оңтайландыру. Егер сіз бір нәрсемен айналыссаңыз, онда қалған элементтер сізді барынша



тез бастапқыда болған жеріңізге тартады. Неге адамдар жанұялық бухгалтерлік есепті жиі қолданбайды? Себебі басқа элементтермен байланыс жасамайды. Ал есеп тек қана өзі пайдасыз. Неге адамдар шығындарды оңтайландыруды тастайды? Өйткені үнемделген ақшамен не істеу керектігін білмейді. Оларды ағымдағы шығыстарға жұмсайды, содан кейін: «үнемделген ақшаны неге үнемдеп жұмсау қажет, егер бәрібір кейін оны жұмсайтын болсақ» деп ойлайды.

Қаржылық стратегия - бұл бір реттік әрекет емес. Бұл қаржыны басқарудағы, күнделікті маңызды сәт. Бұл, егер қаласаңыз, өмір салты. Бір жағынан, бұл қатаң ереже, себебі сіздің шығыстарыңыз бен инвестицияларыңыз ережелерге бағынады, өйткені, сіз ақшаны қашан және қандай актив салуға жұмсау қажет екендігін білесіз. Екінші жағынан, белгілі бір икемділік болады. Ешкім сізге бұйрық бермейді – бұл сіздің ақшаңыз және сіздің өміріңіз. Стратегия құрастыру үшін, алдымен қаржы ресурстарын жинақтау ережелерімен талдайық.

Байлықты жинақтау ережелері өте көп: банктік салымдар, қор нарығы, акциялар, облигациялар, фьючерстер, опциондар, форекс нарығы, сенімді басқару, интернет және офлайн бизнес, жылжымайтын мүлік және тағы басқалар.

## Инвестициялық стратегияны құрастыру ережелері

Бірақ ең басты ереже, өз жолыңызды неден бастау қажеттігінде

### **1-ереже. «Алдымен өзіңе төле!!!»**

Орташа адам қалай өмір сүреді, ол өз ақшасын қайда жұмсайды? Азық - түлік, киім, ойын-сауық, түрлі сәнді гаджеттер мен қажетсіз заттар, дәмханаға, мейрамханаларға, киноға бару, сапарлар мен демалыс. Тағы да несие төлеуді қосуға болады. Сонымен айдың соңында біз не аламыз. Ақшаның бәрі аяқталады, тіпті достардан жалақы дейін қарыз алынады.

Қорытынды ретінде: ақша жоқ, тіпті біз достарымызға немесе банкке қарызбыз. Осының бәрін өтеу үшін қайтадан жұмыс істеу қажет. Яғни, тұйық шеңбер. Қарапайым тілмен айтқанда, бізде бар ақшаны қарызды жабу үшін әркімге таратып беріп, төлеп тастаймыз. Тек өзімізден басқаларға. Алайда, егер сіз табысқа жеткіңіз келсе, есте сақтаңыз - «Алдымен өзіңізге төлеңіз».

Әрқашан келесі ережені ескеріңіз - жалақы алғаннан кейін, бірден ақшаның белгілі бір бөлігін кейінге қалдырыңыз. Олар сіздікі. Қаншасын кейінге қалдыру керек? Алдымен 10% көріңіз. Сіз, ақшаның өзі жетіспесе, қалай оны кейінге қалдыруға болады? деуіңіз мүмкін. Статистика бойынша, біз өз ақшаларымыздың 30% - ын кез келген онсыз өмір сүруге болатын құр бос заттарға жұмсаймыз. Айналаңызға қараңызшы. Сіздің үйіңізде көп нәрсе бар шығар. Сіз оларды сатып алдыңыз және қазір олар жай ғана тұр, яғни сізге қажет емес.

Иә, алдымен психологиялық түрде қиын болады. Сіз ақшаны жұмсағыңыз, бір нәрсені шұғыл сатып алғыңыз келеді. Алайда, өзіңізге жоқ деңіз! Бір мезеттік әлсіздік сіз үшін болашақта байлыққа тең болады. Біраз уақыттан кейін бұл әдетке кіреді, және сіз мұны автоматты түрде жасайтын боласыз.

Мысалы, орташа жалақы 800\$ айына, жылына шамамен 10 000\$ аламыз, ал 40 жыл ішінде 400 000\$. Өз табыстарыңыздың 10% - ын кейінге қалдыра отырып, сіз осы 40 жыл үшін қанша ақша жиналады деп ойлайсыз?

Сіздің жауап - 40 000\$! Жоқ, дұрыс емес. Біздің ақшаларымыз бізге жұмыс істейтін болады, біз оларды бізге қосымша табыс әкелетін түрлі қаржы құралдарына инвестициялайтын боламыз. Ал алынған табысты да инвестициялайтын боламыз.

**2-ереже. Ақша ақшаны жасау керек.** Барлығы адам бұл сөзді біледі, бірақ оны пайдаланушылар аз. Қарапайым адамдар бай адамдардан немен ерекшеленеді? Қарапайым адамдар тек бастауды жоспарлап отырады, ал бай адамдар қазір жұмыс істеп жатыр. Табыс алудың барлық түрлері 2 түрге бөлінеді:

- \* белсенді
- \* пассивті.

Жалақы түрінде алатын табысты, белсенді табысқа жатқызуға болады. Яғни, тұрақты пайда алу үшін жұмыс істеу қажет. Мұнда табыс жұмсалған күштер мен уақыттың санына тікелей байланысты. Адам неғұрлым көп жұмыс істесе, соғұрлым көп алады. Адам еңбек етуді тоқтатқаннан кейін табыста жоғалады.

Табыс перспективасы тұрғысынан қарағанда пассивті табыс ең тиімді болып табылады, өйткені ол адамнан пайда алу үшін ешқандай күш-жігерді талап етпейді. Жасалған жұмыс іс жүзінде өмір бойы табыс әкеледі, бұл табыс мөлшері бойынша іс жүзінде шектелмейді. Пассивті кіріс жасау үшін капиталдың немесе



активтің болуы және оның одан әрі қандай да бір жобаға салынуы, инвестициялануы қажет.

Пассивті табыстың артықшылықтары

1. Бір рет жасалған жұмыс үшін, Сіз ұзақ уақыт бойы табыс аласыз
2. Табыс алу сізден әрі қарай ешқандай шығындарды талап етпейді
3. Тұрақты табыс алу мүмкіндігі туды

Осы жерде кемшіліктерін айта кету керек. Тұрақты пассивті кіріс құру үшін активтер, қаржылық немесе интеллектуалдық салымдар талап етіледі. Жоспарланған нәтиже бірден келмейді, шыдамдылықты қажет етеді. Пайда алғанда бірден есептемей, бүкіл пайданы бір есептегеніңіз дұрыс. Яғни, бірден келетін керемет нәтиже туралы ұмытуға болады, ол кейінірек келеді.

Пассивті табыс түрлері

- банктік депозит
- жылжымайтын мүлікті жалға беру
- қор нарығы
- сенімді басқару
- авторлық аударымдар
- фанчайзинг
- желілік маркетинг
- интернет-жоба

Егер бұл салым банктерге, жылжымайтын мүлікке, акцияларға, сенімді басқаруға салынса-мұнда активтер рөлінде қаржылық капитал болады. Егер депозиттер мен акцияларды сатып алу бастау үшін елеусіз қаражат талап етсе, онда жылжымайтын мүлікті сатып алу, сенімгерлік басқару, франшиза және желілік маркетинг – бұл қомақты ақша.

Қандай пассивті кіріс таңдау керек?

Адамдар бірдей болмайды, олардың табыс көздері, қаржыларының көлемі, дағдылары мен қабілеттері әр түрлі болады. Осыған орай, әр адам қаржылық ерекшеліктеріне, өмәр салт дәстүріне байылынысты түлі пассивті табыс түрлерін таңдау мүмкін.

### 1. Банктік депозиттер

пассивті табыстың ең қарапайым түрі. Қолжетімділік – табыс табудың осы түрінің артықшылығы болып табылады. Кемшілігі – жоғары емес табыс. Бірақ жоғары сенімділік.

### 2. Қор нарығы

Ақшаны инвестициялық қорларға беруге немесе акцияларды өзіңіз сатып алуға болады. Мұнда күрделі ештеңе жоқ. Мұнда пайда акциялардың бағамдық құнының және төленетін дивидендтердің ұлғаюынан құралады. Кіріс банктік депозиттерге қарағанда жоғары болады.

### 3. Сенімгерлік басқару

Өркім өзі жақсы білетін жұмысты орындауы керек. Сенімді табыс табу үшін ақшаны қалай және қайда салуды білетін адамдарға басқаруға берген жақсы. Сенімді басқарудан түсетін табыстылық, әдетте, салымдар бойынша кірістен бірнеше есе артық.

### 4. Жылжымайтын мүлік

Жылжымайтын мүлікті сатып алып, жалға беруге болады. Артықшылығы – тұрғын үй үнемі өсуде, және, тиісінше, сіздің актив да артатын болады.

## Қаржылық тәуелсіздік стратегиясының негізі.

Өз ақша ағындарын басқарудың күрделі емес принциптерін меңгеру және оларды жүзеге асыру маңызды. Жеке қаржыны басқару жүйесінің негізінде бес құрамдас бөлік, қаржылық мінез-құлықтың бес принципі жатыр, ол сіздің тұрақтылығыңызды және әл-ауқаттылығыңыздың тұрақты механизмін қалыптастырады. Синергиялық эффект алу үшін бұл әрекеттерді бірлесіп жүзеге асыру маңызды. Сонымен, болашақта сіздің қаржылық тәуелсіздігіңіздің стратегиялық негізі осылар:



### **1. Сіздің қаржы империяңызды бақылау.**

Бұл қағидат, ең алдымен, сіздің қолдарыңыз арқылы өтетін барлық қаржы ағындарын қатаң есепке алу қажеттігін білдіреді. Қазіргі уақытта бұған есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарының айтарлықтай дамуы көмектеседі. Компьютерлік есеп тек қателерді болдырмауға ғана емес, сонымен қатар өз қаржыларын басқару процесін қызықты жұмысқа айналдыруға мүмкіндік береді. Осы қағидатты іске асыру Сізге кез келген уақытта сіздің қаржы жүйеңіздің жағдайының толық көрінісін тез алуға мүмкіндік береді.

### **2. Жинақтарды құру.**

Кірістер мен шығыстар арасында әрдайым оң айырмашылық болуы керек. Бұл айырмашылық-сіздің жинақтарыңыз. Ол неғұрлым көп болса, соғұрлым сіздің қаржылық мақсаттарыңыз орындалады. Тәжірибе көрсеткендей, іс жүзінде өмір сүру сапасын өзгертпей, өз шығындарын айтарлықтай қысқартуға болады (кейбір жағдайларда 50% - ға дейін). Осы жолдардың авторы өз тәжірибесінде оған көз жеткізді. Кез келген жағдайда, табыстың 10 - 15% жинақтауға көшуге міндетті. Бұл өз болашағын ойлайтын әрбір адамның ай сайынғы рәсімі.

Табысыңыз жайлы ұмытуға болмайды. Стратегиядан осы құрамдас бөліктен барынша әсер алу үшін мезгіл-мезгіл жұмыс істеу қажет. Бұл жоғары ақы төленетін жұмыс, қосымша табыс немесе Сіздің бизнесіңіздің дамуы болуы мүмкін. Нәтижесінде, бұл қағидаттың мақсаты сіздің қаржылық мәселеніңіздің іргетасын құру және нығайту болып табылады.

### **3. Инвестицияларды жүзеге асыру.**

Сіздің ақшаңыз сізге жұмыс істеу керек! Бұл қағидаттың мағынасы. Сіздің жинақтарыңыз «матрас астында» жатуға тиіс емес. Олар сіздің мақсаттарыңыз, мүмкіндіктері мен тәуекелдерге қарым-қатынасы негізінде инвестициялық құралдардың әр түрлі түрлері арасында ақылға қонымды болуы тиіс. Инвестиция-көп қырлы процесс. Бұл, сөздің кең мағынасында, уақыт өте келе олардың құнының өсуіне беталысы бар әр түрлі активтерге қаржы ресурстарын салу. Инвестициялық тәжірибеде тәжірибе жинақтай отырып, сіз одан әрі осындай активтерді көп таба аласыз және ең бастысы, олардың құнының мінез-құлқын дұрыс болжаудың үлкен ықтималдығы бар.

### **4. Тәуекелдерді сақтандыру.**

Сіздің болашаққа арналған жоспарларыңыз мінсіз болуы мүмкін, мақсаттар есептелген және қол жетімді, бірақ... Бір кішкентай «бірақ» бар. Және ол сіздің қаржы стратегиясын іске асыру жолында үлкен мәселе болуы мүмкін. Егер адам, мысалы, күтпеген жерден Денсаулығы нашарласа және ол алдағы уақытта жоспарланған табыс ала алмаса, не болады? Немесе табиғи апат нәтижесінде ол мүлікті жоғалса, ал ол оның қаржы империясының елеулі бөлігі болып табылса? Сонда не болады? Барлық армандарыңыз, болашақтағы жақсы өміріңіз жоқ болып кете ме? Егер біз осындай көптеген тәуекелдерден сақтанбасақ, бәрі де осылай болар еді. Міне, сіз және сіздің тыныш және қолайлы болашақтың тағы бір құрамдас бөлігі. Сақтандыру - сіздің қаржылық жоспарыңыз үшін қолшатыр болып табылады.

### **5. Жеке қаржылық жоспарлау.**

Кез келген жобаны іске асыру үшін жоспар қажет. Мықты қаржы жүйесін құру-сіздің өміріңізде маңызды жоба. Оны жүзеге асыру кезінде басымдықтарды нақты орналастырмау, оны іске асыру кезеңдерін қалыптастырмау және есептеулер жүргізбеу мүмкін емес. Бұл функцияны өзіне жеке қаржылық жоспар алады. Ол қолда бар және талап етілетін ресурстарды бағалау, қаржылық мақсаттар қою, оларға қол жеткізудің дәйектілігі мен есептері сияқты маңызды құрамдас бөліктерден тұрады. Жеке қаржылық жоспар маршрутты сәтті өту үшін географиялық карта ретінде қажет. Онсыз дұрыс бағытты табу және қажетті құралдарды таңдау қиын. Осылайша, жеке қаржылық жоспарлау-Жеке қаржыны басқару стратегиясының негізгі принципі болып табылады.

Бұл ережелердің барлығы, олардың орындалуын тұрақты негізге қойған кезде, тиімді жұмыс істейді. Мысалы, шығындар мен табыстар жайлы ақпаратты ереже бойынша күнде жазып отыру тиіс (оларды компьютерлік бағдарламаға енгізіп отыру). Айына бір рет (әдетте соңында) келесі айдың бюджетін жоспарлау керек. Сол уақытта, олардың талдану мақсатында, алдыңғы айдың шығындарын талдау ыңғайлы. Өзіңіздің жоспарыңызға тиімді инвестициялар туралы ақпаратты қарап шығуды және талдауды қосыңыз. Егер сізге қор нарығы немесе валюталық операциялар сияқты құралдарды түсіне әзірше қиындық туғызса, онда ақшаны банктерге апарыңыз. Мерзімді түрде тартымды депозиттерді таңдау сіз



үшін қиындық туғызбайды. Ал қаржылық біліміңізді арттыру үшін жеке қаржы жайлы ақпаратты кітаптан, мақалалардан, интернеттен жиі оқып отырыңыз. Ол сіздің қаржылық операцияларыңыздың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Өзіңіздің жеке қаржыңызды өміріңіздің мағыналы әрі реттелген бөлігі етіңіз, сол кезде материалды әл-ауқат сіздің тұрақты серігіңіз болады.

Көлікті, үйді сатып алу, балалардың оқуын төлеу, зейнетке шығу бұның барлығы әр отбасы іске асыруы керек болатын қаржылық жоспардың маңызды пункттерінің аз ғана бөлігі. Тағы бір мақсат жайлы ойланған сайын, біз өзімізге, оны қалай іске асыруға болады? - деген сұрақты қоямыз. Сұрақ қиын, өйткені кез-келген тапсырманы әртүрлі жолмен шешуге болады.

Әрбір қаржылық мақсатты жүзеге асыру стратегиясы, сондай ақ оның басымдығы мен оны жүзеге асыру мерзімі негізінен белгілі бір адам немесе отбасы орналасқан өмір кезеңіне байланысты.

Тәуекелге бейімділік, жеке қаржы аймағындағы білім деңгейі, тәжірибе және тағы басқа факторлар сияқты параметрлер бюджетті жоспарлауда маңызды. Алайда, шешуші мағына ретінде отбасының өмірлік циклі болып табылады.

Сонымен, Инвестициялық стратегия - инвестициялық қызметі дамытудың жалпы міндеттерімен және миссиясын айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттарының жүйесі, сондай-ақ оларға қол жеткізудің неғұрлым тиімді шаралар мен әдістердің жиынтығы

Инвестициялық стратегия әр адам үшін қаржы ресурстарны басқарудың тиімді құралы болып табылады, қаржыларды сақтау, жинақтау, көбейту тұжырымдамасының және инвестициялық қызметті жүзеге асырудың бас жоспары ретінде ұсынады.

## 1-дәрістің түйіндемесі

### Инвестициялық стратегия маңыздылығы

Инвестициялық стратегия - инвестициялық қызметі дамытудың жалпы міндеттерімен және миссиясын айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттарының жүйесі, сондай-ақ оларға қол жеткізудің неғұрлым тиімді шаралар мен әдістердің жиынтығы

Инвестициялық стратегия әр адам үшін қаржы ресурстарны басқарудың тиімді құралы болып табылады, қаржыларды сақтау, жинақтау, көбейту тұжырымдамасының және инвестициялық қызметті жүзеге асырудың бас жоспары ретінде ұсынады.

### Инвестициялық стратегияны қалыптастыру

Инвестициялық стратегияны әзірлеу процесі стратегиялық таңдаудың жалпы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оған:

- инвестициялық стратегияның мақсаттарын қою;
- қалыптастырылатын инвестициялық ресурстардың құрылымын оңтайландыру және оларды бөлу;
- инвестициялық қызметтің аса маңызды аспектілері бойынша инвестициялық саясатты әзірлеу жатады;

### Әзірленген инвестициялық стратегия:

- жеке қаржының ұзақ мерзімді жалпы және инвестициялық мақсаттарын іске асыру тетігін қамтамасыз етеді;
- жеке қаржының инвестициялық мүмкіндіктерін нақты бағалауға мүмкіндік береді;
- инвестициялық әлеуетті барынша пайдалануға және инвестициялық ресурстармен белсенді маневр жасауға мүмкіндік береді;
- аса маңызды стратегиялық инвестициялық шешімдерді іске асыру шеңберінде инвестициялық қызметтің тиісті саясатын айқындайды.

### Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. инвестициялық стратегияның маңыздылығын анықтайтын мысалдарды келтіре отырып өз ойыңызды эссе түрінде жазыңыз.
2. Қаржылық стратегияны құрастыру барысында қандай факторларға көңіл бөлінуі тиіс?
3. Оз қаржылық стратегияңызды құрастырыңыз.



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Инвестициялау стратегиясы

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Инвестициялық стратегия түсінігінің мәнін және мазмұнын ашып көрсетіңіз
2. Инвестициялық стратегия құрастыру ережелерін атаңыз?
3. Пассивті табыс табу ерекшеліктерін көрсетіңіз

### **Қосымша ресурстар**

1. Р. Т. Кийосаки.: Богатый папа, бедный папа. М: Издательство Попурри, 2016 г. 224 с
2. Грэм Бенджамин Разумный инвестор. Полное руководство по стоимостному инвестированию. М:Издательство Альпина Паблшер, 2017 г. 568 страниц
3. Уоррен Баффетт, Джон Грэшем Правила богатства. Уоррен Баффет. М.:Издательство АВ Publishing, 2017